

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2026 жылғы 3 ақпандағы № 7
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2026 жылғы 7
ақпанда № 37955 болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

Кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының
2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналардың:

1) «Нысаналы жарна бойынша шығыстарды жоспарлау және нысаналы
жарнаны салуға бағытталған бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру
қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 121 бұйрығының (Нормативтік
құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33009 болып тіркелген);

2) «Нысаналы жарна бойынша шығыстарды жоспарлау және нысаналы
жарнаны салуға бағытталған бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру
қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 121 бұйрығына толықтыру енгізу
туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін
атқарушының 2024 жылғы 19 желтоқсандағы № 107 бұйрығының (Нормативтік
құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35492 болып тіркелген) күші
жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті
әлеуметтік медициналық сақтандыруды жетілдіру және талдау департаменті
Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі **А. Альназарова**